

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30  
EURASIAN NATIONAL  
UNIVERSITY



БГПУ  
им. М. Ақмұллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ  
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ  
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND  
PRACTICE»

## МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА  
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:  
НАУКА И ПРАКТИКА»  
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»  
february 26, 2026**

**Астана, 26 ақпан 2026 ж.**

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,  
Махадиева А.К.

**П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

**ISBN 978-601-385-193-8**

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-385-193-8**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.  
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p><b>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме</b>  <b>4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога</b>  <b>4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</b></p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабергенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Ақитбаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзiреттiлiгi мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контекстінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаяев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Ә.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

мен дамыту үшін құндылық-мағыналық реттеу маңызды рөл атқарады. Ол оқытушының ішкі ұстанымдары мен кәсіби әрекеттерін байланыстырады, шешім қабылдауда, жоспар құруда, студенттермен қарым-қатынаста бағыт-бағдар береді. Құндылық-мағыналық реттеу оқытушыға кәсіби қиындықтарға икемді түрде бейімделуге, жеке және кәсіби дамуды үйлестіруге, сондай-ақ педагогикалық тәжірибесінде тұтастық пен бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді. Осылайша, ол кәсіби бірегейліктің қалыптасуы мен тұрақтылығының негізгі механизмі ретінде қызмет етеді. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында құндылық-мағыналық реттеу жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби бірегейлігін қалыптастыру мен сақтаудың негізгі механизмі болып табылады.

Қорыта айтқанда, «Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу» мәселесі педагогтің кәсіби бірегейлігін күрделі әрі көпқырлы құбылыс ретінде әлі де теориялық тұрғыдан пайымдауды көздейді. Тұлғаның өз құндылықтарын саналы түрде түсінуі, бағалауы және қайта қарастыру қабілеті оның кәсіби бірегейлігінің беріктігіне тікелей әсер етеді. Алдағы уақытта зерттеулерді кәсіби даму үдерісін тереңірек түсіндіруге бағыттау ұсынылады. Атап айтқанда, құндылықтарды саналы түрде түсіну деңгейі, тұлғаның бейімделгіштік қасиеті және кәсіби күйзеліс деңгейі арасындағы өзара байланысты жан-жақты қарастыру орынды деп санаймыз.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/tseinnostno-smyslovaya-regulyatsiya-povedeniya-lichnosti-v-organizatsii-teoretiko-metodologicheskie-osnovy-analiza>
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. 2-е изд. - СПб.: Издательство «Питер», 2012. - 713с.
3. Братусь Б.С. <https://psy.wikireading.ru/30779>
4. Рокич М. Ценностные ориентации. СПб.: Питер, 2015. 704 с.
5. Шварц Ш. [https://spravochnik.ru/psihologiya/teoriya\\_cennostey\\_shvarca/](https://spravochnik.ru/psihologiya/teoriya_cennostey_shvarca/)
6. Франкл В. Логотерапия. (құрастырған: С.Керімбай, М. Төлеген, С.Тайғарин) - Алматы, «Орхон» баспа үйі: 2020 жыл. – 472 бет.
7. Эриксон Э. Детство и общество. Питер- Трейд.- 2018.
8. Marcia J.E. Development and validation of ego-identity status // Journal of Personality and Social Psychology. 1966. № 3(5). P. 551–558.
9. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. - Москва: Академия. - 2004, 304 стр.
10. Маркова А.К. Психология профессиолизма.- М.: Дело,1996.-306 с.

**ӘОЖ 378.046.2**

### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ ГЕНДЕРЛІК МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

**Шолпанқұлова Гүлнар Кеңесбекқызы**

педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**Ақын Ақсұңқар Көкшеқызы**

[a\\_a\\_k93@mail.ru](mailto:a_a_k93@mail.ru)

7M01103 – «Педагогика және психология», 1 курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан

**Аннотация.** Мақалада болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары қарастырылады. Гендерлік мәдениет кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде анықталып, оның тұлғаның когнитивтік, құндылықтық және іс-әрекеттік салаларымен өзара байланысы айқындалады. Сондай-ақ мазмұндық-дидактикалық, құндылықтық-рефлексиялық, іс-әрекеттік-тәжірибелік және кадрлық-ұйымдастырушылық педагогикалық шарттардың жүйесі ұсынылады. Ұсынылған шарттар

болашақ педагог-психологтердің гендерлік сезімталдығын, кәсіби сауаттылығын және әлеуметтік әділдікке бағдарланған ұстанымын қалыптастыруға бағытталады.

**Annotation.** The article examines the pedagogical conditions for developing the gender culture of future educational psychologists. Gender culture is defined as an important component of professional competence, and its relationship with the cognitive, value-based, and activity-related domains of personality is clarified. The system of content-didactic, value-reflective, activity-practical, and personnel-organizational pedagogical conditions is presented. The proposed conditions are aimed at forming future educational psychologists' gender sensitivity, professional competence, and commitment to the principles of social justice.

**Түйін сөздер:** гендер, гендерлік мәдениет, болашақ педагог-психологтер, гендерлік мәдениет компоненттері, педагогикалық шарттар.

**Keywords:** gender, culture, gender culture, future teacher-psychologists, components of gender culture, pedagogical conditions.

Болашақ педагог-психологтер үшін гендерлік мәдениет кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол оқу-тәрбие үдерісінде гендерлік сезімталдықты сақтай отырып, білім алушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз етуге, олардың жеке ерекшеліктерін ескеруге және қолайлы білім беру ортасын қалыптастырады.

Осыған байланысты жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық жүйесінде болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін мақсатты түрде дамытуға бағытталған педагогикалық шарттарды айқындау және ғылыми тұрғыдан негіздеу қажеттілігі туындайды. Мұндай шарттар оқу мазмұнын жаңғыртуды, оқытудың тиімді әдістері мен формаларын таңдауды, тәрбие жұмысының жүйелілігін қамтамасыз етуді және студенттердің тұлғалық белсенділігін арттыруды қамтиды.

Қазіргі уақытта «гендер» ұғымы қоғамдық құрылымның маңызды әрі жүйекұраушы сипаттарының бірі, ал гендерлік мәдениет қоғамның мәдени жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

И.Е. Суриков «гендер – бұл белгілі бір тақырып қана емес, ең алдымен, түрлі қырларды белгілі бір көзқарас тұрғысынан тануға мүмкіндік беретін, қазіргі заманғы әдіснамалық ракурстарды табысты толықтыратын, болашағы зор әдіснама» деп түсіндіреді [1].

А.В Кирилина «гендер» ұғымы бір жағынан, қоғамның ерлер мен әйелдердің рөлдері, мінез-құлқы, менталдық және эмоционалдық сипаттамаларындағы айырмашылықтарды қалыптастыру үдерісін білдіріп, екінші жағынан, сол үдерістің нәтижесі болып табылатын әлеуметтік конструктіні де қамтиды деп тұжырымдаған [2].

Зерттеуші Н.И. Андреева гендерлік мәдениетті қоғамда әрекет ететін көзқарастардың, ұстанымдардың, қағидаттардың, мінез-құлық матрицаларының жүйесі және ол жыныстың әлеуметтік-мәдени қырларын қалыптастырады және қоғамның өзіндік ерекшелігін айқындайтын құрылымдық негіз қызметін атқарады деп түсіндіреді [3].

И.И. Лысова пікірінше, гендерлік мәдениет адамның адамгершілік білімдерінің, гендерлік ойлауының, өз іс-әрекеттерін моральдық қағидаттармен сәйкестендіре алу қабілетінің бар-жоғына назар аударады. Бұл тек жыныстар арасындағы қатынастарды реттеу тәсілі ғана емес, сонымен қатар бірлескен өмір сүру формаларына деген қатынасты білдіреді [4].

Сонымен қатар гендерлік мәдениет педагогикалық құралдар арқылы гендерлік қатынастар үшін өзекті міндеттерді шешудің, индивидті қоғамда құрастыру және таныстыру технологияларын қолдана білудің, өзіндік болмыс пен өзгешелікті құндылық ретінде бағалай алу қабілетінің құралы болып табылады.

Педагогтың гендерлік мәдениеті пәнаралық сипатқа ие күрделі құбылыс болғандықтан, ол әртүрлі ғылым салаларының тоғысында қарастырылады. Оның құрылымында арнайы компоненттер айқындалған:

- тарихи компонент педагогтың қоғамдағы ерлер мен әйелдердің жағдайының эволюциясы туралы білімін, олардың қоғамдық дамуға және адамзат өркениетіне қосқан үлесі жөніндегі тарихи деректерді меңгеруін қамтиды;

- философиялық компонент классикалық философия өкілдерінің қоғамдағы ерлер мен әйелдердің орны мен рөлі туралы көзқарастарының қалыптасуы мен эволюциясын түсінуді талап етеді;

- этикалық компонент жыныстық ерекшелікке және қарама-қарсы жыныспен өзара әрекеттесуге байланысты мінез-құлық нормалары мен ережелерін білу және оларды педагогикалық тәжірибеде орынды қолдану дағдысын қарастырады;

- мәдениеттанулық компонент түрлі ұлттық мәдениеттердегі гендерлік ерекшеліктерді, олардың ерлер мен әйелдер арасындағы статус пен рөлдік қатынастарды қалыптастырудағы әсерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесіндегі гендерлік коммуникацияда тиімді пайдалану қабілетін қамтиды;

- лингвистикалық компонент ерлер мен әйелдердің вербалды қарым-қатынасының ерекшеліктерін, олардың сөйлеу мәдениетінің қалыптасу заңдылықтарын меңгеруді білдіреді;

- психологиялық компонент қыздар мен ұлдардың оқу ақпаратын қабылдау, өңдеу және меңгеру ерекшеліктерін түсінуді және оларды білім беру үдерісінде ескеруді талап етеді;

- педагогикалық компонент білім алушылардың жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық өзара әрекеттестіктің формалары мен әдістерін, тәсілдері мен құралдарын тиімді қолдану қабілетін қамтиды;

- құқықтық компонент ерлер мен әйелдердің әлеуметтік қорғалуын, олардың неке-отбасылық, еңбек және тұлғааралық қатынастардағы құқықтары мен жауапкершілігін реттейтін нормативтік-құқықтық база туралы білімді және оны тәжірибеде пайдалана алуды көздейді;

- әлеуметтік компонент әлеуметтік стратификация жүйесінде ерлер мен әйелдер арасындағы статус-рөлдік қатынастарға ықпал ететін әлеуметтік процестерді талдай алу дағдысын қалыптастырады.

Осылайша педагогтың гендерлік мәдениетін дамытуда педагогикалық компоненті оқу-тәрбие үдерісінде гендерлік құндылықтарды, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік идеяларын тиімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін мақсатты педагогикалық орта мен ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлардың жиынтығы болады.

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби дайындығындағы гендерлік мәдениетті дамыту маманның когнитивтік, құндылықтық және іс-әрекеттік қабілеттерін кешенді түрде дамытуға бағытталған. Гендерлік мәдениетті тиімді дамыту үшін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негізделген тұғырлар жүйесіне сүйену қажет, олар педагогтың кәсіби санасын, этикалық ұстанымын және практикалық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында гендерлік мәдениетті дамытудың негізгі үш тұғырлық блогы анықталды: когнитивтік-теориялық, құндылықтық-мотивациялық, іс-әрекеттік-құзыреттілік.

1. Когнитивтік-теориялық тұғыр болашақ педагог-психологтың ғылыми-теориялық базасын қалыптастырады және оның гендерлік талдау қабілетінің негізін құрайды. Бұл тұғыр стереотиптік ойлаудан арылуға және гендерлік нормаларды объективті түсінуге бағытталған.

Гендерлік теориялар бұл тұғырдың әдіснамалық негізін құрайды. Симона де Бовуар гендерлік рөлдер табиғи емес, әлеуметтік тұрғыдан қалыптасатынын дәлелдеді [5]. Джудит Батлер гендерді әлеуметтік әрекеттер арқылы үздіксіз қайта өндіретін құбылыс ретінде сипаттады [6]. И.С. Кон білім беру жүйесінің тұлғаның гендерлік сана-сезімін қалыптастырудағы рөлін атап көрсетті. Осылайша, когнитивтік-теориялық тұғыр педагогтың гендерлік білімін және аналитикалық ойлауын қалыптастырады.

2. Құндылықтық-мотивациялық тұғыр педагогтың ішкі ұстанымын, кәсіби этикасын және адамгершілік-гуманистік бағдарларын айқындайды. Ол педагогтың жеке көзқарасын қалыптастырып, кәсіби іс-әрекетке этикалық негіз береді. В.А. Слостенин педагогтың кәсіби

мәдениетін оның құндылықтық бағдарлары, әлеуметтік жауапкершілігі және тұлғалық қасиеттері арқылы сипаттаса [7], И.С. Кон педагогтің гендерлік стереотиптерді жоюшы немесе нығайтушы субъект екенін атап көрсетеді [8]. Осылайша, құндылықтық-мотивациялық тұғыр когнитивтік-тесториялық біліммен байланысып, педагогтің ішкі ұстанымын қалыптастырады.

3. Іс-әрекеттік-құзыреттілік тұғыр педагогтің білім мен құндылықтарды нақты кәсіби іс-әрекетте қолдануына бағытталған. Бұл тұғыр практикалық дағдылар мен кәсіби шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады. Тұлғаның дамуы әлеуметтік өзара әрекет арқылы жүзеге асатындықтан, педагогикалық іс-әрекеттер гендерлік мәдениеттің қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Осылайша, болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың тұғырлары педагогикалық іс-әрекетті теориялық, құндылықтық және практикалық деңгейде кешенді қарастыруға мүмкіндік береді. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамыту зерттеуде аталған тұғырлар жүйесімен қатар педагогикалық шарттарды енгізуді қажет етеді.

Кез келген педагогикалық құбылысты нақты білім беру үрдісінде жүзеге асыру сол феноменнің, біздің зерттеу жағдайымызда гендерлік мәдениеттің болуы және оның ары қарай дамуына белгілі бір шарттардың жиынтығын талап етеді.

Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттарын айқындауда «шарт», «педагогикалық шарттар» ұғымдарының мазмұнына, жалпы қалыптасқан педагогикалық және психологиялық шарттарға талдау жасалады.

Философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылымдарда «шарт» ұғымының анықтамасын мазмұны жағынан толықтыратын ұқсас көзқарастар қалыптасқан. «Шарт» ұғымы айнала қоршаған құбылыстарға қатысты заттарды сипаттайтын философиялық категория. Мұнда зат немесе пән шартталған, ал шарт объективті әлемнің көптүрлілігінің сыртқы заттарына қатысты алынады. Шарттардың құбылыстан немесе үрдістен тікелей туындаған себептерден айырмашылығы ол құбылыстың пайда болуы және дамуы өтетін органы құрайды [9].

Н.В.Ипполитова шарттың педагогикалық мәнін келесі мағыналарда анықтайды: біріншіден, шарт қандай бар бір объектінің салдары мен жағдайларының жиынтығы; екіншіден, белгіленген жиынтық адамның дамуына, тәрбиесіне және оқуына әсер етеді; үшіншіден, шарттардың ықпалы дамыту, тәрбиелеу және оқыту үрдісін жылдамдату немесе бәсеңдету болып табылады, сонымен қатар шарттар олардың динамикасына және соңғы нәтижесіне әсер етуі мүмкін [10].

Жалпы ғылыми-педагогикалық зерттеулерді талқылау негізінде педагогика теориясы мен практикасында қалыптасқан педагогикалық шарттардың типологиялық жіктемесіне сүйенеміз:

- жүйелі-ұйымдастырушылық шарттар жоғары оқу орнындағы дәстүрлі және инновациялық сипаттағы оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердің әртүрлі үлгілерін ықпалдастыруға, пәндік оқыту шеңберіндегі бірлігін қамтамасыз ететін интернет-ресурстарды, қосымша құралдарды қолдануға мүмкіндік туғызатын білім беру үдерісін ұйымдастыру, яғни жүйелі-ұйымдастырушылық шарттар педагогикалық іс-әрекет мақсатына жетуге бағытталған тұтас педагогикалық үдерістің мазмұны, формалары, әдістері және мүмкіндіктерінің жиынтығы;

- дидактикалық шарттар білім беру үрдісі, оның мақсатқа бағыттылығын, тиімділігін, тұтастығын сақтауды қамтамасыз ететін оқу әрекетінің ішкі ерекшеліктерін, басқару функциясын жүзеге асыратын сыртқы жағдайлардың жиынтығын білдіреді. Дидактикалық шарттардың негізгі қызметі білім беру міндеттерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін оқыту үдерісіндегі педагогикалық өзара әрекеттестік мазмұнын, формасын, әдістерін, құралдарын таңдау және жүзеге асыру болып табылады;

- педагогикалық-психологиялық шарттар білім беру үрдісінің тиімділігін арттыратын ортаның материалдық-кеңістіктік мүмкіндіктерінің жиынтығы, олар педагогикалық

үдерістің субъектілерін тұлғалық дамытуға әсер ететін педагогикалық іс-шараларды қамтамасыз етеді. Бұл шарттардың негізгі функциясы тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және оқытудың нақты сипаттамасын өзгертуді және жаңадан жасауды қамтамасыз ететін педагогикалық өзара әрекеттесу шараларын ұйымдастыру болып табылады, педагогикалық жүйе субъектілерінің тұлғасын дамытуға бағытталған, яғни педагогикалық жүйенің тұлғалық аспектісіне әсер етеді.

Педагогикалық шарттар оқу процесінің ұйымдастырылуындағы, мазмұны мен әдістемесінде, сондай-ақ кадрлық және әлеуметтік қолдауында көрініс табатын факторлар жиынтығы. Зерттеуде болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытуда төрт негізгі педагогикалық шарт ұсынылады.

Бірінші, мазмұндық-дидактикалық шарт. Ол болашақ педагог-психологтерге гендерлік білімді ғылыми негізде игеруге, стереотиптерді талдауға және гендерлік теңдік қағидаттарын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар болашақ маманның әлеуметтік-мәдени сезімталдығын арттырады.

Екінші, құндылықтық-рефлексиялық шарт студенттердің өз құндылықтық бағдарларын және гендерлік көзқарастарын қайта қарауына, өзін-өзі бағалауға және кәсіби этикалық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған. Бұл шарт болашақ мамандардың гендерлік стереотиптерді тануға, өзінің кәсіби әрекеттеріндегі бейтараптықты қамтамасыз етуге және этикалық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Үшінші, іс-әрекеттік-тәжірибелік шарт. Ол теориялық білімді нақты кәсіби дағдыларға айналдыруды, тәжірибе арқылы бекітуге арналады. Болашақ педагог-психологтерге арнайы психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды әзірлеу және енгізу тәжірибесі беріледі. Нәтижесінде студенттердің өз бойында гендерлік мәдениеттің негізгі компоненттерін, сыйластық, әділеттілік және теңдік қағидаттарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Төртіншісі, кадрлық-ұйымдастырушылық шарт гендерлік мәдениетті дамыту процесінің сыртқы жағдайларын қамтамасыз етеді. Бұл шарт оқытушы-профессорлық құрамның арнайы дайындығы, оқу ортасының гендерлік инклюзивтілігі және оқу орнының әкімшілік қолдауын қамтиды.

Жоғары оқу орындарында гендерлік педагогика бойынша оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру, заманауи ғылыми-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету болашақ педагог-психологтердің кәсіби дамуына және оқу процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Нәтижесінде мазмұндық-дидактикалық, құндылықтық-рефлексиялық, іс-әрекеттік-тәжірибелік және кадрлық-ұйымдастырушылық педагогикалық шарттардың өзара байланысқан жүйесі студенттердің теориялық білімін тереңдетуге, құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға және кәсіби тәжірибеде гендерлік қағидаттарды тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу барысында анықталған тұғырлар болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытып, студенттердің когнитивтік, құндылықтық және іс-әрекеттік қабілеттерін жетілдірсе, педагогикалық шарттар жүйесі оны дамытуды жоспарлау мен жүзеге асыруда нұсқаулық ретінде қызмет етеді.

Қорыта келгенде, болашақ педагог-психологтер жоғары педагогикалық және психологиялық білім алған маман, ол білім беру үдерісін психологиялық қамтамасыз етуге, білім алушылардың тұлғалық дамуы мен тиімді әлеуметтік ортаға бейімделуіне, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, балалар мен жасөспірімдер құқығын қорғауға, олардың дамуын бақылау және мінез-құлқындағы алдын алуға бағытталған кәсіби қызмет әрекетін жүзеге асыруға ықпалын тигізетін маман. Олардың кәсіби деңгейі педагогика мен психологияның ғылыми негізінен, түрлі психологиялық техникаларды игеруінен, өзінің кәсіби құзіреттілігінің деңгейін ұғынуы мен ұсынысы және оларды жүзеге асыру мен салдары үшін жауапкершілігін түсінуінен, педагогикалық және психологиялық тұлғаның жетілуі мен гендерлік мәдениетінен тұрады.

Сондықтан болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттарын кәсіби құзыреттілігінің жекелеген компоненттерін дамытуға ықпал ететін сыртқы іс-шаралар мен ішкі көзқарастардың, іс-әрекеттің мағыналарының жиынтығы деп түсінуге болады.

Зерттеуде ұсынылған педагогикалық шарттар болашақ педагог-психологтердің гендерлік сезімталдығын, этикалық ұстанымын және әлеуметтік әділдікке бағдарланған көзқарасын қалыптастыруға ықпал етіп, олардың гендерлік теңдік пен толеранттылық идеяларын насихаттайтын, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары маман ретінде қалыптасуына негіз болады.

Сонымен болашақ педагог-психологтердің бір-біріне ұқсамайтын жағдайларды шешуі шығармашылыққа ынталандырады, жеке іс-әрекет стилін, кәсіби ұстанымдарын, гендерлік мәдениетін дамытуға ынталандырады.

### Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Кирилина А. В. // Словарь гендерных терминов. М., 2002.
2. Суриков И. Е. Адам и .Адам. АДАМ И ЕВА. Альманах гендерной истории. Под ред. Л. П. Репиной. - №12. Москва: ИВИ РАН, 2006.– С.24.
3. Андреева, Н. И. Формирование гендерной культуры в современном обществе: философско-культурологический анализ: дис. ... докт. филос. наук: 09.00.13 / Н. И. Андреева; Рост. гос. ун-т. – Ростов н/Д, 2005. – 285 с.
4. Лысова, И. И. Гендерная культура будущего специалиста: лингводидактический контекст: монография / И. И. Лысова, И. Ф. Исаев; ОУ ВПО «Белгород. ун-т потребител. кооп.». – Белгород: Изд-во Белгород. ун-та потребител. кооп., 2011. – 306 с.
5. Beauvoir Simone de. Le Deuxième Sexe.t.1,t.2. Paris: Gallimard,1949. 812 p. t.1. 316 p
6. Butler J. Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity. – New York: Routledge, 1990. – 172 p.
7. Слостенин В.А. Педагогика: учеб. пособие. – М.: Академия, 2002. – 576 с.
8. Кон И.С. Сексология. Психология сексуальности. – М.: Академический проект, 2001. – 480 с.
9. Философский энциклопедический словарь//Гл. редакции: Л.Ф.Ильичев, П.Н.Федосеев, С.М.Ковалев, В.Г.Панов. - М.: Советская энциклопедия, 1983. – 840с.
10. Ипполитова Н.В. Сущность и функции методологического подхода в педагогическом исследовании/Преподаватель; XXI век. – 2011. – Т. 1. -№3. – С. 57-60.

УДК 378.127

## МУЗЫКА КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ И СОЦИАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Ахунова Умида Ойбековна

базовый докторант Национального института педагогики воспитания им. Кары Ниязи  
(Республика Узбекистан)

[umidaahunova684@gmail.com](mailto:umidaahunova684@gmail.com)

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию возможностей музыкального воспитания как инструмента формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся.

Подчеркивается значимость интеграции музыкального образования с педагогическими и психологическими подходами для формирования гармонично развитой личности.

**Ключевые слова:** музыка, музыкальное воспитание, эмоциональная компетентность, социальная компетентность, эмпатия, эмоциональный интеллект, школьники.

**Abstract.** The article explores the potential of music education as a tool for developing. The importance of integrating music education with pedagogical and psychological approaches to foster well-rounded personality development is emphasized.

**Keywords:** music, music education, emotional competence, social competence, empathy, emotional intelligence, students.